

Құжаттың коды
081.1214**№2 - Инновация нысаны бойынша жаңа технологиялар құру және пайдалану, өнімдердің (тауарлар, қызметтер) жаңа түрлерін игеру туралы есепті жасау жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ****1. Жалпы ережелер**

«Жаңа технологиялар құру және пайдалану, өнімдердің (тауарлар, қызметтер) жаңа түрлерін игеру туралы есеп» №2 - Инновация нысаны бойынша есепті ұйымдастыру-құқықтық нысандарына, меншік нысандарына және санына қарамастан барлық заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері табыс етеді.

№2-Инновация (жылдық) нысаны мемлекеттік статистика органдарына Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы №19-г бұйрығымен бекітілген статистикалық нысандардың тиісті бланктерінде, есепті жылдан кейінгі 20 сәуірден кешіктірмей табыс етіледі.

Нысанның мекен-жай бөлігінде есеп беруші ұйымның толық атауы белгіленген тәртіпте тіркелген құрылтай құжаттарына сәйкес көрсетіледі, заңды мекен-жайы, кәсіпорынның сәйкестендіру коды статкартаға сәйкес (КҰЖС) жазылады.

Деректер нысанда көрсетілген өлшем бірліктерде келтіріледі.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі осы есепте **кәсіпорын тұрғысынан**: аяқталған инновациялардың нақты бары; **осы кәсіпорын үшін жаңа** болып табылатын осы инновацияларды, инновациялық өнімдерді (қызметтер) әзірлеудегі ұйымның қатысу дәрежесімен ескеріледі.

Осы нысанда ұйым жаңа технологияларды құру және пайдалану, өнімдердің (тауарлар, қызметтер) жаңа түрлерін игеру туралы мәліметтерді ұсынады.

Қорғалатын құжат - мемлекетпен қорғалатын өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар белгілеріне және өнеркәсіп меншігінің басқа объектілеріне құқықты куәландыратын құжат.

Патент - техникалық проблеманың шешімін жазбаша нысанда тіркейтін құжат. Патентті иеленушіге өнертабысты пайдалануға айырықша құқық береді. Сондай-ақ осы техникалық шешімді басқа адамдарға беру құралы болып табылады.

Лицензия дегеніміз - иегердің (лицензиардың) белгілі шарттарда және келісілген сыйақыға мүдделі жаққа (лицензиатқа) өнеркәсіптік меншіктің қандай да бір объектісіне тікелей құқық немесе ноу-хау, объектіні пайдалануға құқық, арнайы шартта ресімделген келісім беруі. Патенттік лицензия патентті пайдалануға құқық береді, берілетін құқықтардың көлемін, аумақты және оны пайдалану кезеңін, сондай-ақ төлем нысанын анықтайды.

Техника объектісі - тауар болып табылатын шаруашылық қызметтің нәтижесі (және құралдары): өнеркәсіп өнімі (машиналар, аспаптар, жабдық, материалдар), өнеркәсіп өнімінің басқа түрлері, селекциялық жетістіктер, микроорганизмдердің штамдары, химиялық процестерді қоса технологиялық процестер, биотехнологиялық, ауыл шаруашылық, медициналық препараттар, адамдар мен жануарларды емдеу тәсілдері.

Зияткерлік меншік объектілері - жеке және (немесе) заңды тұлғаның зияткерлік шығармашылық ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне тікелей құқығы.

Өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхема топологиясы.

Өнертабыс - техникалық мәселені шешу мақсатында білімді жүйелеудің мүмкін болатын варианттарының бірі, алғы патент және патент түрінде жазбаша формада тіркеледі. Құрылғылар, әдіс, зат, микроорганизм штамы, өсімдік және жануарлар жасушалары, сондай-ақ олардың жаңа мақсатта пайдалану өнертабыс объектілері болып табылуы мүмкін. Өнертабыс құқық жағынан қорғалады, егер ол жаңа болса, өнертабыстық деңгейі болады (яғни, айқын болады) және өнеркәсіпте қолданылады. Қазақстан өнертабысқа деген құқықтық заңмен қорғалып, ҚР алдын ала патентімен және ҚР патентімен куәліктендіріледі.

ҚР алдын ала патенті ресми сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі, 5 жыл бойы қолданылады, оны үш жылға дейін ғана созыруға болады.

ҚР патенті жалпы сараптама жүргізілгеннен кейін беріліп, 20 жыл бойы қолданылады.

Пайдалы модель - өндіріс құралдары мен тұтыну заттарының, сондай-ақ құрама бөліктерінің конструкторлық орындалуы.

Пайдалы модельге егер ол жаңа және өнеркәсіпте қолданылатын болса, Қазақстан Республикасының құқықтық қорғанысы беріледі.

ҚР патенті пайдалы модельге ресми сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі, 5 жыл бойы қолданылады, оны үш жылға дейін ғана созыруға болады.

Өнеркәсіптік үлгі - бұйымның техникалық және эстетикалық ерекшеліктерінің біртұтастығы болып табылатын оның сыртқы пішінінің жаңа және елеулі айрықшылықтары бар шешімі.

Өнеркәсіптік үлгілерге бұйымның сыртқы пішінін анықтайтын көркем-конструкторлық шешімі жатады. Өнеркәсіптік үлгіге Қазақстан Республикасының құқықтық қорғанысы беріледі, егер ол жаңа және өнеркәсіпте қолданылатын болса.

ҚР-ның өнеркәсіптік үлгіге берілетін алдын ала патенті 5 жыл бойы қолданылады. ҚР-ның өнеркәсіптік үлгіге берілетін патенті 10 жыл бойы қолданылады. Өнеркәсіптік үлгіге берілетін патенттің күші 5 жылға дейін ғана ұзартылады.

Тауар белгісі (сондай-ақ қызмет көрсету белгісі) - бір өндірушінің тауарлары мен қызметтерін басқа өндірушілердің бір текті тауарлары/қызметтерінен айыру үшін пайдаланылатын, тіркелген белгі.

Белгіленген тәртіпте тіркелген тауар белгісі оны пайдалануға тікелей құқық береді.

Тауар белгісі ретінде сөздік, графикалық, құралған, көлемді, сондай-ақ дыбысты белгі тіркелуі мүмкін. Тауар белгісін тіркеу үшін белгіленген нысанда өтінім беру керек, бұл белгі заңда белгіленген сараптама жүргізілгеннен кейін, бір жыл өткеннен кейін Мемлекеттік тіркелімге енгізіледі, иесіне оның тікелей құқығын куәландыратын куәлік беріледі.

ҚР-ның тауар белгісіне берген куәлігі өтінім берілген күннен бастап, 10 жыл бойы қолданылады, ал оның қолданылу мерзімін 10 жыл сайын ұзартып отыруға болады.

Селекциялық жетістік - адамның патент берілген шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын өсімдіктің жаңа сорты, жануарлардың жаңа тұқымы. ҚР-ның патенті патент иесінің селекциялық жетістікті пайдалануға тікелей құқығын, оның басымдығын және селекционердің авторлығын куәландырады. Селекциялық жетістіктердің патентке жарамдылығын және шаруашылыққа пайдасын сараптау және сынауды мемлекеттік комиссия жүзеге асырады. ҚР патенті беретін құқықтық қорғау көлемі сортты, тұқымды сипаттауға кірген белгілердің жиынтығымен анықталады. Сорт жаңа, ерекше, біртекті және қолайлы атауы болуы керек.

ҚР патентінің қолданылу мерзімі өсімдіктерге - 25 жыл, жануарлар тұқымына - 30 жыл, жүзім, сүрек, сәндік, жемістік, орман дақылдарының сортына - өтінім берген күннен бастап 35 жыл. Патенттің қолданылу мерзімі 10 жылға дейін ғана ұзартылуы мүмкін.

Интегралдық микросхема топологиясы - материалдық тасымалдауышта тіркелген интегралдық микросхемалар элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының кеңістік-геометриялық орналасуы.

Сараптама нәтижесі бойынша өтінім берушіге интегралдық микросхема топологиясын мемлекеттік тіркеу куәлігі беріледі. Топологияға берілген тікелей құқық топологияны тіркеген күннен бастап 10 жыл бойы күшінде болады.

Патенттік тазалық - объектінің (технологияның, оның элементінің) заңды ерекшелігі оның белгілі елде сол елдің аумағында үшінші адамдарға тиісті патенттерді бұзу қаупісіз еркін пайдаланыла алу мүмкіндігінде.

Технология жасау дегеніміз техникалық құжаттама, жұмыс сызбаларын әзірлеу, қажетті жабдықтарды дайындау, белгіленген тәртіпте оны сынау, қабылдау.

Есепті жылы сынақтар сәтті аяқталған кезінде және қабылдау туралы оң шешімнің болуы кезінде технология жасалған деп саналады және ол туралы мәліметтер статистикалық байқау бланкісіне енгізіледі.

Нәтижесі өнім шығару, қызмет көрсету болып табылатын өнеркәсіптік пайдалану кезінде ғана технология пайдаланылатын деп саналады және ол туралы мәліметтер статистикалық байқау бланкісіне енгізіледі.

1-бөлім. Жаңа технологияларды құру туралы мәліметтер

А бағанында қорғау құжаттарына сәйкес жаңа технологияның толық атауы көрсетіледі.

1-бағанда 1-анықтамаға сәйкес патент тәжірибесінде қабылданған технологияның және техника объектілері түрлерінің коды көрсетіледі.

2-бағанда жасалған технологияның пайдалану аясы көрсетіледі, яғни экономикалық қызмет түрлерінің сыныптауышына сәйкес коды қойылады. Кодты анықтау кезінде жасалған технологиялар пайдаланылатын салаға сүйену қажет (технология қай саланы дамыту үшін жасалған). Қосымша бағдар ретінде технологияны енгізу көзделген немесе оны қолдану аясы болып табылатын кәсіпорын жататын сала пайдаланылады.

3-бағанда құрылған тиісті технологияның сонылық дәрежесінің коды қойылады. Сонылық дәрежесіне қарай құрылған жаңа технология - 17 коды елдегі жаңа Қазақстан Республикасында патенттелген; 18 коды - шетелдегі жаңа - Қазақстан аумағынан тыс жерде патенттелген деп бөлінеді.

4-бағанда 2-анықтамаға сәйкес есепті жылы қорғауға алынған құжаттардың құқықтық қорғау коды көрсетіледі.

3-анықтамада - өнеркәсіптік меншік объектілеріне берілген өтінімдердің саны қойылады, оның түрлері: 30-жол - өнертабыстар, 31-жол пайдалы модельдер, 32-жол - өнеркәсіптік үлгілер, 33-жол - тауар белгілерін тіркеу, 34-жол - ТӨОА куәлігі, 35-жол - селекциялық жетістіктер, 36-жол- ЭЕМ-ге, деректер базасына, интегралдық микросхемалар топологиясына арналған бағдарламаларды ресми тіркеу.

Өтінімдерді құрылған технологияның (техника объектілері) қандай да бір элементтеріне сияқты, тұтастай технологияға да (техника объектілері) беруге болады.

2-бөлім. Жаңа технологияларды пайдалану туралы мәліметтер

Бөлімде есепті жылы кәсіпорындарда пайдаланылатын жаңа технологиялар туралы мәліметтер көрсетіледі.

А бағанында - қорғау құжаттарына сәйкес технологиялар мен техника объектілерінің атауы көрсетіледі.

Б бағанында - экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жаңа технологияларды пайдалану саласының атауы көрсетіледі.

В бағанында - жаңа технологияны пайдаланатын саланың көрсетілген атауына сәйкес экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес коды, ЭҚЖС коды қойылады (бес таңбаға дейін).

1-2-бағандарда пайдаланылатын жаңа технологияларды қорғайтын қорғау құжаттарының, лицензиялардың саны (бірлік) көрсетіледі: 1-баған бойынша - меншікті, 2-баған бойынша - өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға берілген лицензиялар, соның ішінде: **3- баған бойынша** - отандық, 4-баған бойынша шетелдік.

5-бағанда пайдаланылған технологияның патенттік тазалығының бар не жоқ екендігі көрсетіледі: 1 коды - иә, 2 коды - жоқ.

3-бөлім. Инновациялық өнімдердің (тауарлар, қызметтер) жалпы сипаттамасы

Кәсіпорындар есепті жыл ішінде өндірілген жаңа өнімдер туралы ақпаратты көрсетеді.

Кәсіпорында алғаш дайындалған өнімдерді, сондай-ақ жаңа сапалық сипаттама алған және өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері жағынан техниканың осы заманғы даму деңгейі талаптарына жауап беретін немесе құқықтық қорғанысы бар, яғни, өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге патенті (алдын ала патенті) бар деп бекітілген жаңғыртылған бұйымдар жаңа өнімдер деп саналады.

А бағанында - қорғалатын құжаттарға сәйкес инновациялық өнімдердің толық атауы бейнеленеді.

Б бағанында - өнеркәсіп өнімінің статистикалық сыныптауышына (ӨӨСС) сәйкес, А бағанында көрсетілген өнім коды қойылады.

1-бағанда - инновациялық өнімнің бірінші өнеркәсіптік сериясын шығаруды бастау жылы және осы өнімді жүйелік шығарудың нақты басталғандығы көрсетіледі.

2-3-бағандарда технология мен техника объектілерінің жаңа түрі әзірленетін негіздің коды бейнеленеді. Оған мынадай бағдарламалар жатады: 1- мемлекеттік; 2- мемлекетаралық; 3- өңірлік; 4- ғылыми-техникалық; 5 - ынталы әзірлемелер.

4-бағанда өнімнің сонылық коды қойылады: жаңа болса - 6, егер оның конструкциясы немесе құрамы жартылай өзгертілген, яғни жаңғыртылған, сапасының жақсартылған жеке негізгі көрсеткіштері бар өнім немесе бұйым болса - 7 коды қойылады.

5-бағанда сәйкестендіру сертификатының коды көрсетіледі: 8- ұлттық, 9- халықаралық.

6-бағанда өнімнің осы түрін өндіруге берілген қорғау құжаттарының коды қойылады (Анықтама 2), 10 - лицензиясы бойынша дайындалған.

4-бөлім. Инновациялық өнімдердің (тауарлар, қызметтер) көлемі

Кәсіпорындар есепті жыл ішінде шығарылған инновациялық өнімдердің көлемі туралы ақпаратты көрсетеді.

А бағанында - қорғалатын құжаттарға сәйкес өндірілген инновациялық өнімдердің толық атауы келтіріледі.

Б бағанында - өнеркәсіп өнімінің статистикалық сыныптауышына (ӨӨСС) сәйкес өнім коды қойылады.

1-бағанда - өнеркәсіп өнімінің статистикалық сыныптауышына (ӨӨСС) сәйкес инновациялық өнімдердің өлшем бірліктері заттай тұлғалануда көрсетіледі.

2-бағанда өндірілген өнімдердің көлемі заттай көріністе (өнімнің осы түріне арналған өлшем бірлігінде) көрсетіледі.

3-бағанда өндірілген инновациялық өнімдердің көлемі кәсіпорынның қолданыстағы бағасында ҚҚС мен акциздерсіз көрсетіледі.

4-бағанда, 3-бағаннан экспорттық бажсыз экспортқа (егер осындай болса) қойылған инновациялық өнімдердің көлемі көрсетіледі.